



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

...Қызарып Сарыөзеннің жарқабағы,
Батыс жақ бауырдай боп қанталады... [1, 302 б]
...Қараша ауыл шаруа қамын ұмытып,
Қара шекпен делендеді, күпінді.
Қара қазан қарнын отқа жылытып,
Қара шәугім отқа шырт-шырт түкірді... [1, 303 б]
...Үй толы Нұралының көп тентегі,
Дүр етті қоян жұтқан қаршығадай...
...Күйшіге аппақ мойнын бұрды ханша,
Ханша емес, тауға біткен бұл бір арша.
Жанарын мөлдіретіп келіп тұрды,
Желіде жалғыз қалған мұңлы нарша... [1, 314 б]

Міне, ақынның осындай теңеулерінен жырға қосып отырған құбылысы, көрінісі кәдімгі бейнежазба көріп отырғандай көз алдына елестейді. Бұдан шайырдың шеберлігін қапысыз аңдаудан бөлек, қазақтың тыныс-тіршілігін, ауыл өмірін жете білетіндігін аңғарамыз. Өйткені, әдеби әдіс-тәсілдері мен теңеулерінің барлығы ауыл өмірінен, табиғат құбылыстарынан алынған. Бұл да бір хас ақынның белгісі болса керек. Жоғарыда келтірген мысалдар Есенғалидың ақындық қабілетінің бір көрінісі, таптырмас теңеулерінің бір парасы ғана. Айта берсек, жоғарыдағы өлең жолдары жалғаса береді.

Сөзіміздің соңында, Есенғали Раушановтың поэзиясы ұлттық идеяға негізделгенін айтқымыз келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: Раритет, 2006, 382 б.
2. Жұртбай Т. Біртұтас Алаш идеясы: Зерттеулер. – Алматы: Орхон, 2014. – 368 бет.

ӘӨЖ 81'373.45

КІРМЕ СӨЗДЕР ЖАЙЫ («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)

Шалғынбай Нұрбек
Shalgynbai_nurbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,
Ғылыми жетекшісі – Кенжалин Қ.К.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» сериясының 50 және 51 томдарынан орын алған «Қырымның қырық батыры» эпикалық жырларының лексикалық қабатының бір бөлігін кірме сөздер құрайды. Кірме сөздердің ішіндегі орыс тілінен енген сөздер бірнеше ғана кездеседі. Дегенмен Ноғайлы дәуірінің туындыларында орыс сөздерінің кездесуіне сын көзбен қарау керек. Жыр бойындағы араб және парсы сөздерінің қазақ тілінде әдеби нормалану үдерісі ертеректен бастау алса, орыс сөздерінің енуі одан бертіндегі ғасырлар еншісінде. Ғалым Рабиға Сыздықованың сипаттауынша: «Орыс сөздері немесе орыс тілі арқылы енген шет тілі сөздері XVIII ғасырдағы қазақ көркем әдебиеті тілінде жоққа тән. Тіпті ауыз әдебиеті нұсқаларында жиі кездесетін шай, самаурын, пәуеске, тарантас сөздері мен орыс саудасымен бірге келген киім-кешек, үй мүлкі, әртүрлі бұйым атаулары, мүмкін сөйлеу тіліне енгенмен, сол тұстағы поэзия тілінен орын алмаған» (Сыздықова 2014: 157). Демек жырдағы орын алған бірнеше ғана орыс сөзі жырлаушылар тілі.

Ал ерте кезден тілге енген араб және парсы сөздері белгілі бір деңгейде фонетикалық өзгеріс жасап, әдеби нормаланып, жырда белсенді қолданылған. Ахмет Байтұрсынұлы «Жазу тәртібі» деп аталатын мақаласында «Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың

өз сөзі болып кеткен араб я фарсы сөздері бар... Бұлар бұрынғы қалыбында емес, өзгертілген...Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады» (Байтұрсынов 1992: 385) деген пікірін білдірген. Дәл осыған үндес пікірді ғалым Л.З.Рүстемов те айтады: «...қазақ тілінің тек өзіне ғана тән фонетикалық заңдылықтары бар. Демек, қазақ тіліне ауысқан араб және парсы сөздері қалайда қазақ тілінің осы заңдылықтарына бағынып, соның әсерімен өзінің алғашқы фонетикалық бейнесін өзгертіп жібереді» (Рүстемов 1982: 81).

«Дауыссыз дыбыстардың сөз соңында қатарынан екеуі, яғни қосарланып келуі қазақ тіліне тән құбылыс емес» (Рүстемов 1982: 99). Қазақ тілі кірме сөздерін игеруде фонетикалық өзгерістер негізгі рөл атқарған. Мысалыға кірме сөз соңында дауыссыз дыбыстардың қатар келуін алсақ, ғалым Рүстемовтың еңбегінен бұл ыңғайдағы кірме сөздер игерілуінің екі жолын көреміз:

1. Егер араб-парсы сөздерінің соңында екі дауыссыз дыбыс қатар тұрса, бұл сөздер қазақ тіліне ауысқанда әдетте соңғы дауыссыз дыбыстар айтылмай түсіп қалады.

2. Егер араб-парсы сөздерінің соңында екі дауыссыз дыбыс қатарынан келсе, онда бұл лексикалық элементтер қазақ тіліне ауысқанда осы екі дауыссыз фонеманың арасына өзінен бұрын тұрған дауысты дыбысқа сәйкес келетіндей дауысты енетін болады» (Рүстемов 1982 99).

Ескі түркі сөздігінде аталған жыр лексикасындағы белсенді қолданылған сөздер қарастырылған. Мысалы, «Taxt [п.] трон, престол» (ДТС 1969: 543), «Rast [п.] прямой, правильный, -о; верно» (ДТС 1969: 476), «Dost [п.] друг» (ДТС: 1969 160), «Baxt [a.] счастье» (ДТС 1969: 89). Бұл сөздердің аталған сөздікте қарастырылуы олардың тілімізге ертеден енгендігін көрсетеді. Сондай-ақ бұл сөздер қазақ тіліне игерілуінде жоғарыдағы ғалымның атап көрсеткеніндей соңғы қатар келген дауыссыз дыбыстардың соңғысы түсіріліп қалынған және жыр бойында да қазіргі қазақ әдеби тілінде осы ыңғайында: тақ,рас,дос,бақ түрінде қолданыста.

Сондай-ақ кірме сөз - «Qadr [a.] значение, ценность, достоинство» (ДТС 1969: 403).Бұл сөзді игеруде қатар келген дауыссыз дыбыстар арасына дауысты дыбыс енгізілген.Жоғарыдағы *baxt* кірме сөзі осы игерілу жолы бойынша *бақыт* болып игеріліп, *бақ* сөзіне мағыналас сөз болып қалыптасты.

Қарастырылған мысалдардан қазақ тілінің кірме сөздерді фонетикалық игеруін көреміз. «Басқа тілден енген сөздердің фонетикалық жақтан игерілуі деп олардың қабылдаушы тілдің дыбыс (фонетикалық) заңдарына сәйкестендіріліп икемделуін айтамыз. Басқа тілдік сөздердің қабылдаушы тілдің фонетикалық ерекшеліктеріне икемделіп игерілу құбылысын шет тілдік бір сөздің әрбір тілдің дыбыс заңдарына сәйкес әр түрлі болып өзгеруінен айқын аңғаруға болады» (Аханов 1993: 157).

Кірме сөздер құрамындағы қазақ тіліндегі дыбыстарға сәйкессіз дыбыстардың оған ыңғайлас дыбыстармен алмастырылмауы немесе түсіріліп қалдырылмауы тілде басы артық таңбаларды көбейтеді. Бұл мәселе жөнінде Жүсіпбек Аймауытұлы «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба» деп аталатын мақаласында «Қазақ һәр, һәм, һәш, һәман, қаһар, шаһар, халық, хабар, хүкімет, мәккәма, хәкім, хажат демейді, әр, әм, ем, әман, кәр, шар, қалық, хабар, үкімет, мекеме, әкім, қажет деп айтады. Егер сингармонизм заңын қолданатын болсақ, қазақтың өз ыңғайына көшу керек. Басқа жұрттан кіретін фәлсефе, фотография, фікір, флегматин деген сықылды сөздерді пәлсепе, потограпия, пікір, плегматин деп жазудан кемшілік жоқ» - дейді (Аймауытов 2013: 193-194).

Әбдуәли Қайдар Қазақстан Республикасының Призиденті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлына жолдаған ашық хатында алфавит кемшіліктеріне ғылыми дәлелдемелер молынан келтіріледі. «...қазақ тілінің өз басына қажеті жоқ – (в),(ё),(у),(ф),(х),(ц),(ч),(ш),(ъ),(ь),(э),(ю),(я) – соншама басы артық таңбалардың қолданылуы жазу жүйесін қиындатпаса, оңайлатқан жоқ. Ал соншама басы артық таңбалардың алынуы о бастан-ақ ұлт тілдерінің мүддесін қарастырудан, қайткенде де қазақтарды орыс тіліне жақындатудың қам-қажетінен туған іс еді» (Қайдар 2014: 427).

Кірме сөздер жайынан тағы бір мәселе тілдің емлесі оған кірме сөздердің әсері.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте «Емле – орфография» (ЛТС 1998: 80) ал «Орфография (грек. orthographia, orthos – дұрыс және grapho – жазу, жазамын) – 1) Хатта қолданылатын тарихи қалыптасқан жазу жүйесі; 2) Жазудың бірыңғайлығы үшін ережелер жүйесін жасайтын тіл білімінің бір саласы. Орфографияның негізгі бөлімі дыбыстарды (фонемаларды) әріппен белгілеу мәселесімен айналысады» (ЛТС 1998: 159) деген түсіндірмесі берілген.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы» мақаласында «Осы күнгі қолданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1) таңбаша жүйе 2) дағдыша жүйе (тарихша) 3) туысша жүйе 4) дыбысша жүйе.

Таңбаша емле – таңба негізді жазумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен, қытайдікі.

Дағдыша емле – баяғыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша.

Туысша емле – сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле, мәселен, орысша.

Дыбысша емле – сөз дыбыстарының естілуінше жазу жолын қолданатын емле, мәселен, италиянша, немісше, қазақша» (Байтұрсынов 1992: 360) деп емле жүйелерін сипаттайды. Осы орайдан ғалымның емлелер жүйесіне салыстырулар жүргізіп, жазудың таңба негізді және әріп негіздісін ажыратқанын көреміз. «Сөздің айтылуы мен жазылуының арасы алыстаған сайын емле тәртібі таңба негізіне жақындамақшы. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен алыстай бермекші» (Байтұрсынов 1992: 360-361). Мұнан ғалымның дыбысша емле жүйесін сақтап, таңба негізді жазудан алшақ тұруды көздегенін көріп отырмыз.

Алайда біздің бүгінгі таңдау орфографияның морфологиялық принципіне түсті. «Фонетикалық принцип сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазуды басшылыққа алады. Морфологиялық принцип бойынша жазу сөздердің айтылуына емес, түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. Қазақ орфографиясының негізгі принципі – морфологиялық принцип. Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін қолайлы принцип болып саналады. Бұлай дейтініміз түркі тілдерінің табиғаты, атап айтқанда, ондағы сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталу ерекшелігі – осылардың бәрі жазуда морфологиялық принципті басты принцип етіп алуды қалайды» (Аханов 1993: 436-437).

Ал кірме сөздер қай принцип бойынша қабылдануы керек? Олардың тілімізде игерілуі қалай жүреді? Бұл сұрақтарға ертеректе Нәзір Төрекұлұлы «Жат сөздер туралы» атты еңбегінде дәлелді ғылыми тұжырымдармен жауап береді. «Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған бөгет емес серт, заңдай қазақ да өз тілінде бір белгілі көше салып қоюы керек. Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» (ТМ 2006 62). Жат сөз қазақ сөзі болып кіруі үшін оның фонетикалық жақтан игерілуі шарт болса, кірме сөзді қабылдау және оны жазу принципі фонетикалық принцип болуы керек. Халық ағарту камисары мен білім кеңесінің төрағасы Манайұлы мен Қабылұлы атынан жарияланған 1929 жылы Қызылордада өткен конференцияда бекітілген «Қазақ тілінің жаңа емлесінде» кірме сөздердің емлесі жөнінен «Шеттен кірген сөздердің емлесі дыбыс жүйесі мен жазылу керек де, айағы қазақтың сөз жүйесіне көну керек» (ТМ 2006: 130) делінген.

Кірме сөз қабылдаудағы тағы бір жай сөзді қай тілден қабылдау мәселесі. Әлем сөздері қазақ тіліне орыс тілі арқылы еніп келді. Кірме сөздерді бір ғана тілден қабылдап, оның нормасы негізінде өзімізге нормалап отыру тілде сол тілдің ықпалын күшейтеді. Демек ұлттық тіл үшін кірме сөз қабылдауда аралық тілді пайдалану аса өнімді емес. Кірме сөздерді қабылдау туыстас тілдерден және әлемдік термин тудырушы тілдердің өзінен алынуы тиімді. Бұл жөнінде Нәзір Төрекұлұлы «...тілдес елдердің өздері жетпеген терминдерін ауропадан алып отырған шақта "далделсіз" тура ауропадан алсақ не болады?!» (ТМ 2006: 78) деп, аралық тіл мәселесін аңғартады және сол аралық тілсіз қайнар көзден алынушы сөздердің қалай орнығу жайын көрсетеді. «Ауропа сөздері де араб-парсы сөздеріндей өзгеруге тиіс. Бұл да жалғыз қазақшаға қарай қойылған принцип емес, барлық тілдерде бар жалпы заң.

Пырансоздың "la station" деген сөзін түрік "стацион" деп, орыс "станция" деп, қазақ "ыстанса" деп алып отыр» (ТМ 2006: 75) дейді.

Қорытынды

Сонымен біз жыр бойындағы кірме сөздер жайын сипаттай келе, жалпы тіліміздегі кірме сөздердің фонетикалық игерілуін, кірме сөздер негізіндегі басы артық таңбалар жайын, кірме сөз емлесін және қай тілдерден сөз қабылдау мәселесін ғалымдардың көзқарасы негізінде талдап өттік. Онан түйгеніміз тіліміз өз тарихында өз заңдылығымен ғана өмір сүріп келді және солай өмір сүруі тиіс. Соның негізінде өз қорытындымызды жасасaq:

Кірме сөз түбірі тіліміздің өз заңдылығымен фонетикалық игерілуі тиіс.

Латын әліпбиіне көшуде бір дыбысқа бір таңба ұстанымын сақтап қазіргі басы артық таңбалардан арылу керек.

Кірме сөз емлесі фонетикалық принципке негізделуі керек.

Кірме сөздер аралық тілсіз туыстас тілден және қайнар көз болып табылушы тілдің өзінен нормаланып алынуы тиімді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.6: - 384 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. – 496 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992, - 448 б.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 б.
5. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: «Сардар», 2014. – Т.2: - 512 б.
6. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
7. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: - Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
8. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. Т.3: - 352 б.
9. Терминология мәселелері.1-кітап. Астана: «ІС-с-Сервис», 2006. – 288 б.

ӘОЖ 811.111:512.112. 398.80

КІНДІГІ ТУҒАН ЖЕРМЕН ҮНДЕС АҚЫН

Шарапиев Асқарбек Маратұлы

Askarbek98@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәулет-құрылыс факультеті геодезия және картография мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Р. Найманбай

Қазақ халқы батырлар мен ақындарға кенде емес. Ел нақылында «Батырды ел білегімен, ақынды жүрегімен туады» деген кереметтей сөз де бар. Қаншама жақсылар мен жайсаңдарды жүрегімен де, тілегімен де өмірге әкелген менің туған жерім – Жайық топырағы қасиетті де қастерлі. Батыры найзамен шаншып ет жеген, баласы қамшымен қасқыр алған жұртымыздың құт дарыған тәрбие төрінде әдебиетке зор үлес қосқан ақын-жазушылардың да қарасы көп.

Әдебиеттану ғылымында сондай өзіндік орны бар зерттеуші, сыншы, ақын Сағынғали Сейітов осы шоғырдағы мақтаулылардың бірі болып саналады. Оның түрлі тақырыпта жазған өлеңдері поэзияға әкелген мол байлық болды. Ол көптеген жыр жинақтарымен қазақ поэзиясының қоржынын толтырды. Ақынның қаузап кеткен басқа да тақырыптарына қарағанда туған жер, Отанға деген сүйіспеншілігі өлеңдерінен анық көрініс табады. Жастайынан қаламды серік еткен ақын өлең әлеміне ерекше құлшыныспен келеді.

Ақынның: